



Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ





Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті кәсіпкерлікті дамыту, инновацияларды қолдау, практикаға бағытталған білім беруді жүзеге асыру және түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу арқылы БҰҰ-ның 8-тұрақты даму мақсаты – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» бағытына өз үлесін қосады. Университет еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға, адами капиталды дамытуға және өңірдің экономикалық өсіміне ықпал етеді.



Практикаға бағдарланған білім беру және кадрлар даярлау



Университетте білім беру мен еңбек нарығының өзара байланысын нығайтуға бағытталған бастамалар жүзеге асырылуда. «Балық өнеркәсібінің трендтері мен инновациялары – 2025» семинары аясында дуальды оқыту, қос дипломды білім беру бағдарламалары, заманауи технологияларды енгізу және балық шаруашылығы саласына мамандар даярлау мәселелері талқыланды.

«Болашақ мамандыққа жол: тәжірибеге бағдар» атты конференция студенттер мен магистранттардың кәсіби дағдыларын дамытуға, сондай-ақ теориялық білім мен практикалық қызметтің өзара сабақтастығын нығайтуға бағытталды.



Кәсіпкерлік және инновациялар

2020 жылдан бастап университет студенттер мен жас мамандар арасында жыл сайын стартап-жобалар байқауын өткізіп келеді. Осы кезеңде білім беру, экология, цифрлық технологиялар және әлеуметтік инновациялар салаларындағы ондаған бастама қолдау тапты.

2026 жылы «Жасыл кампус», «PhD Mentor», «Psy Connect Junior & Family», «Maad Study», «Kerek App» және жастардың кәсіпкерлік белсенділігі мен инновациялық экожүйені дамытуға бағытталған басқа да жобалар қаржылай қолдауға ие болды.

Сонымен қатар, «Күміс университет» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздері мен қаржылық сауаттылық бойынша курстар ұйымдастырылып, кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.







Жұмыспен қамту және жұмыс берушілермен ынтымақтастық



Университет мемлекеттік ұйымдармен, бизнеспен және салалық серіктестермен белсенді ынтымақтастық орнатады. Түлектерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің маңызды тетіктерінің бірі – жыл сайын өткізілетін «Жас маман» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі. Аталған іс-шараға өңірдің 120-дан астам жұмыс берушісі қатысады.

Жәрмеңке аясында түлектер жұмыс берушілермен тікелей кездесіп, бос жұмыс орындары, тағылымдамадан өту мүмкіндіктері және кәсіби даму перспективалары туралы ақпарат алады.

Кәсіпкерлік экожүйені дамыту мақсатында университет «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен ынтымақтастық орнатқан. Сонымен қатар, «Бизнес со смыслом» PR-агенттігімен жасалған меморандум аясында өндірістік тәжірибені ұйымдастыру, бірлескен жобаларды іске асыру және түлектерді жұмысқа орналастыруға қолдау көрсету көзделген.



Жастарға кәсіби бағдар беру

Университет жастарға кәсіби бағдар беру жұмыстарын белсенді жүзеге асырады. «Future Market – Болашақ мамандықтар алаңы» жобасы аясында мектеп оқушылары еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтармен, жаңа білім беру бағдарламаларымен және заманауи еңбек нарығының даму үрдістерімен танысып, болашақ мамандығын саналы таңдауға мүмкіндік алады.

Еңбек нарығын зерттеу және болжау

БҰҰ-ның 8-тұрақты даму мақсатына қол жеткізуге **BR21882382 «Skills Technology Foresight әдісі негізінде Қазақстан өңірлерінің жаңа мамандықтары мен құзыреттерінің атластарын әзірлеу»** ғылыми жобасы да елеулі үлес қосады.

Жоба өңірлердің кадрларға деген қажеттілігін айқындауға, болашақтың жаңа мамандықтарын анықтауға және қазіргі экономика мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес білікті мамандар даярлауға бағытталған.

ТДМ 8-ге қол жеткізу жөніндегі алдағы қадамдар

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге, адами капиталды дамытуға және өңірдің тұрақты экономикалық өсуін қолдауға бағытталған білім беру, ғылыми және кәсіпкерлік бастамаларды одан әрі дамытуды жалғастырады.

Басым бағыттар:

- дуальды оқыту мен практикаға бағдарланған мамандар даярлау бағдарламаларын кеңейту;
- жұмыс берушілермен, бизнес-қоғамдастықпен және мемлекеттік ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту;
- университеттің стартап-экожүйесін дамыту және студенттердің инновациялық жобаларын қолдауды арттыру;
- кәсіпкерлік білім беру және қаржылық сауаттылық бағдарламаларын кеңейту;
- түлектерді жұмысқа орналастыру тетіктерін жетілдіру және олардың мансаптық дамуын мониторингтеу;
- еңбек нарығының сұранысына сәйкес микробіліктілік бағдарламалары мен қосымша кәсіби құзыреттерді дамыту;
- кадрларға қажеттілікті болжау және болашақ мамандықтарын зерттеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді қолдау.

Аталған бағыттарды іске асыру университеттің кәсіпкерлікті дамытуға, жастардың жұмыспен қамтылуын арттыруға, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға және БҰҰ-ның 8-тұрақты даму мақсаты – «Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» бағытына қосатын үлесін нығайтуға мүмкіндік береді.

